

*Х.В. МАСИМОВА*

ҚР БҒМ ҒК Р.Б.Сүлейменов ат. Шығыстану институты

филол.ғ.к., ғылыми қызметкер

**«ТӘВАРИХ-И МУСИҚИУН» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНІҢ  
КЕЙБІР МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

(Етістіктің есім сөз формалары негізінде)

**Аннотация**

Жазба ескерткіштер тілі орта ғасыр және қазіргі түркі тілдерін байланыстыратын маңызды саты болып табылады. «Тәварих-и мусиқиун» (XIX ғ.) тілінің ортағасырлық және қазіргі ұйғыр тілімен салыстыру барысында аталмыш жазба ескерткіште морфологиялық ерекшеліктердің сабақтастығы анықталды. Мақалада «Тәварих-и мусиқиун» жазба ескерткіш тіліндегі етістіктің грамматикалық формалары қарастырылады. «Тәварих-и мусиқиун»дағы етістіктің грамматикалық формаларын анықтау нәтижесінде ұйғыр тілі XIX ғасырның екінші жартысынан бастап ескі ұйғыр тілі дәстүрлерінен алыстап, қазіргі ұйғыр сөйлеу тіліне жақындағаны көрінеді.

**Кілт сөздер:** жазба ескерткіш, грамматикалық категория, тұйық етіс, есімше, көсемше.

**Ключевые слова:** письменные памятники, грамматическая категория, инфинитив, причастие, деепричастие.

**Keywords:** writing monument, grammatical category, infinitive, participle, verbal adverb.

Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері арасындағы жалғастық генеологиялық, типологиялық, ареалдық, функционалдық аспектерде, жекелеген тілдердің, тілдік топтардың материалдары негізінде XIX ғ. бастап зерттеліп келеді.

Түпнұсқада сақталып бүгінгі күнге жеткен тарихи жазба мұраларымыз сирек те болса кездеседі. Солардың ішінде XIX ғасыр мұрасы «Тәварих-и мусиқиун» жазба ескерткіші болып есептеледі. «Тәварих-и мусиқиун» жазба ескерткіші XIX ғасырда (1855–1856-жж.) Хотан қаласында өткен Молла Исмәтулла бинни молла Нәъмәтулла Мөжизи тарапынан жазылған. Исмәтулла Мөжизидің ескерткіші әл-Фарабиден (X ғ.) XVI ғасырға дейін өмір сүрген он жеті музыка пірлері және олар жазған мұқамдар жайында аса бағалы мәліметтерді қамтыған, ескі ұйғыр тілінде жазылған тарихи-мәдени және әдеби-публицистикалық ескерткіш болып табылады.

«Тәварих-и мусикиунда» ұйғыр музыка өнерінің негізі саналатын мұқамдар мен ұйғыр халқының кейбір ұлттық музыка аспаптарының шығу тегі туралы баяндалады.

Проза жанрында жазылған шығармалар мәтіні поэзия жанрында жазылған шығармалар мәтінінен тіл ерекшеліктері бойынша ерекшеленеді. Сондықтан «Тәварих-и мусикиун» ескерткіші XIX ғасыр ұйғыр тілінің проза жанрында жазылған шығарма ретінде тіл білімінде жан-жақты зерттеуді талап етеді. Ескерткіштің нақты морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу ескі түркі тілдері мен жаңа түркі тілдерінің тарихи байланысын анықтауда, сондай-ақ қазіргі ұйғыр әдеби тілінің қалыптасу, даму барысын айқындауда маңызы зор.

«Тәварих-и мусикиун» (XIX ғ.) ескерткіші тілін орта және қазіргі ұйғыр тілімен салыстыра отырып, ескі ұйғыр жазба әдеби тілі мен қазіргі ұйғыр әдеби тілі арасындағы сабақтастық ескерткіштің мәтініндегі морфологиялық ерекшеліктері негізінде анықталады. Төменде «Тәварих-и мусикиун» ескерткіші тіліндегі етістіктің есім сөз формалары және олардың грамматикалық ерекшеліктері қарастырылады.

Етістіктің есім сөз формаларын тұйық етістік, есімше, көсемше құрайды. Етістіктің есім сөз формаларында, бір жағынан, етістікке тән белгілері болса, екінші жағынан, морфологиялық ерекшеліктері бойынша басқа сөз таптарына жақын тұрады. Бұл жағынан тұйық етістік зат есімге, есімше сын есімге, көсемше үстеуге жақын.

«Тәварих-и мусикиун» тілінде ескі ұйғыр тіліндегі **тұйық етістік** формалары жиі қолданылады. Әйтсе де тұйық етістіктің кейбір формаларының қолданылуында ерекшеліктер де жоқ емес. Мәселен, «Тәварих-и мусикиунда» *-мақ* тұйық етістігіне *-и* тұйық етістігі параллель түсіп жатады. Трактатта *-мақ* тұйық етістігі жіктік және септік жалғауларымен түрленеді. *-мақ* тұйық етістігі жіктік жалғауларымен қолданылғанда, етістік негізінде сипатталған іс-әрекеттің қай жаққа қатысты екенін білдіреді. Мысалы: Навайидек зат бу кишини устадим, муршидим *димәки* бу эзизниң тәвсиф-тәърифлари үчүн куфайәдурким.

«Тәварих-и мусикиунда» жіктік жалғауы жалғанған *-мақ* тұйық етістігіне табыс және шығыс септігі жалғаулары жалғанған тұстар да кездеседі. Мысалы: Бу оғул чоң болғанда түлкә тутуп постида игин *кәймақини* тәъамни туз билән ьәл *қилмақини* ...тәнбүр, бәрбәт, уддиларни ясап *чалмақини* кәшф қилип аләм хәлқиғә оргәттилар. ...эжайип *чалмиқидин* хәлайиқ ьөзүрлинип арқасиғә кирип алди.

*-мақ* тұйық етістігіне *керәк* септеулігінің тіркесіп келуі (*-мақ+керәк*) іс-әрекеттің жүзеге асу маңыздылығын, қажеттілігін көрсетеді. Мысалы: *билмак керәкким*, нәйни Жәмшид падишаниң мәшьур хатуни мәликә Дилсүз кәшф қилди.

*-мақ* тұйық етістігі септік жалғауларымен қолданылғанда, септік формаларына тән түрлі синтаксистік қызметтерді атқарады. Мысалы: ьәммәни бу қиска рисаләғә *сигдурмақниң* орни йоқтур. Рисаләьи муғәнниюн атлиғ китапни түрүкчә тилғә тәржимә *қилмақни* нийәт қилипдурмән, иншаьи алла. Бу шеирни *бағлимақдин* ғәразлари бу мәктәь идики... деген сөйлемдерде *сигдурмақниң* анықтауыш, *қилмақни* толықтауыш, *бағлимақдин* пысықтауыш қызметін атқарып келеді.

Бұл сөйлемдердегі *-мақ* көрсеткішті тұйық етістіктер қазіргі ұйғыр тілінде *-и* тұлғасында қолданылады (СУЯ, 318 б.; Арзиев, 2006, 286-288 б.).

«Төварих-и мусикиунда» *-и* көрсеткішті тұйық етістік анықтауыш қызметін атқарғанда, анықталатын сөз III жақ жіктік жалғауын қабылдайды. Мысалы: Султан бу мәликәни әқидигә *киргүзүш* вақиәси андағдурким. ...өлүкни *көйдүрүш* рәсми бар ирди.

*-и* тұлғалы тұйық етістікке септік жалғауларының жалғануы ескерткіш тілінде жиі кездеседі. Мысалы: тәнбүрнің қулақиғә ләъзә қонуп *сайрашқа* башлади. ...яхши сөзни әйтқучидин өргангил, илим *өганишидин* номус қилма... . ...Әнтакийә хәлқини бу илимни *өргүнүшкә* буйруғ қилди. ...мән тәнбүр *челишни* билмәсмән, ушбу қизимиз мәнә тәнбүр алип бериң деп хәфа қилип алдурди. Мусики илмини нәшир *қилишқа* жай растлап, Әнтакийә хәлқини бу илимни өргүнүшкә буйруғ қилди. Тоқсан үч йил өмүр көрди, иш қилалмаған ишни қилишни, муьтажларғә сәхавәт *қилишни* яхши көрәр ирдилар.

*-и* тұлғалы тұйық етістік *үчүн* септеулігінің тіркесуі нәтижесінде орындалатын істің мақсатын білдіреді. Мысалы: ...бу әмри алини бәжа *кәлтүрүш* үчүн мунасип тарих-тәзкирәларни жәмьи қилип... .

Қорыта айтқанда, XIII–XIV ғасырлардағы жазба ескерткіштер тілінде *-мақ* көрсеткішті тұйық етістік көп қолданылса (Фазылов, 1986, 122-125 б.), «Төварих-и мусикиун» тілінде негізінен *-и* көрсеткішті тұйық етістік жиі кездеседі. Бұл – трактат тілінде ескі ұйғыр тілі формаларының қолданыстан шығып, біртіндеп қазіргі ұйғыр тілі формаларын қолданыла бастағанын көрсетеді.

Трактат тілінде *-ғу* көрсеткішті тұйық етістік 5 жерде қолданылады. Мысалы: ...бир *чалғу* әсбаби ясағай яки бу фән барәсидин бир рисайил пүтүп шөһрәт тутқай, бәс... . Сонымен қатар шығармада бұл түрдегі тұйық етістіктың I және III жақ жіктік жалғауларын қабылдаған формасы төмендегі мысалдарда кездеседі. *Чалғум* сәтар бирлә дута. ...*ишанғуси* кәлмәй, қәни әмисә мән қарап турай... .

*-ғу* көрсеткішті тұйық етістікке ұйғыр тіліндегі ұқсату септігінің *-дәк* жалғауы қосылады. Мысалы: Булардин кейин йәна муқам-ғәзәл ихтарабат *қилғудек* бир устадгул аләмғә кәлгәни мәълум имастур. ...мән қириқ йил Пәйливан Муьәммәд Көштингир билан һәмсәһбәт болдум, бу әснада бирдәбир ишда көңлүм мәлул-пәришан *болғудәк* иш садир болмиди,... .

Трактат тілінде ескі ұйғыр тілі дәуірінен бастап қолданылып келе жатқан *-ғу* тұлғалы тұйық етістікке *-чи* жұрнағы үстемеленген тұйық етістік формасы жиі қолданылады. Бұл түрдегі тұйық етістік «Төварих-и мусикиунда» он бір жерде кездеседі. Мысалы: ...мәһнәви отни *тутаиштурғучи* амилдур,... . ...һәм хуш әйтқучи вә һәм дилкәш *чалғучи* ирди. *Кәчүргүчисән* әй рәһим. *-ғучи* жұрнағына шығыс септік жалғауы *-дин* жалғанған формасы 1 жерде кездеседі. ...яхши сөзни әйтүрғә қудрәтиң болмаса, яхши сөзни *әйтқучидин* өргангил,... .

«Төварих-и мусикиунда» ескі ұйғыр тілінің алғашқы дәуірінде қолданылған *-дуқ*, *-дүк* жұрнақтары арқылы жасалған тұйық етістік формасы кездеспейді.

**Есімше.** Трактаттағы есімшелерде әрекет (қимыл) мағынасымен бірге грамматикалық шақ мағынасы да бар. Трактатта төмендегідей есімше жұрнақтары кездеседі.

*-ған, -гән, -қан, -кән* тұлғалы есімше формасы сөйлемде предикативтік қызмет атқарып, өткен шақта болған іс-әрекетті білдіреді. Трактатта есімшелердің бұл формасы басқа тұлғалармен салыстырғанда жиі кездеседі. Мысалы: Бәласағун диган нәваһисидә *өткан* мәвлина (мәвланә) Шәйх Әбу Нәсир Фарабидур. Рак, Ошақ вә Ошақниң мәрғуләларини ижад вә кәшф қилип аләмгә *яйған*... . ...бу фәндә мәнәрәт *кәрсәткан* устад азду. ... тәнбүрларини челип, өзлари *әйтқан* ғәзәллар билан һәмд әйтип биһуш болур... . ....қиз өзи *әйтқан* бу шеирни муқамғә қошуп оқуп ирдиким,... .

*-ған, -гән, -қан, -кән* көрсеткішті есімшесі ұйғыр жазуында жазылған IX-X ғасырлар жазба ескерткіштерінде (Трыарский, 1971, 127 б.), XI-XIV ғасырлар жазба ескерткіштерінде (Махмудов, 1972, 147-149 б.; Фазылов, 1986, 127-129 б.) және ескі ұйғыр тіліндегі жазба ескерткіштерде бар екендігі мәлім.

«Тәварих-и мусикиунда» *-ған* көрсеткішті есімше зат есім орнына қолданылғанда, зат есімге тән жіктік және септік категорияларын қабылдайды. Мысалы: Аниң шад *болганини* киши билмас ирди, бидмағ *болганини* һәм киши билмас ирди.

Барыс септікпен келген есімшелер: Падиша бу хәтни бойлә кичик нарәсидә *пәткәнигә* ишангүси кәлмәй,... . Оқуп *аңлағанғә* будур илтижа.

Жатыс септігімен келген есімшелер: ...үчүнжи әвжиғә *йәткәндә* бир булбул келип,... . Яркәнд, Хотән диярларини абадиға аниң әвлади *йәткүзған*,... . ...Аниң сөзин *сагинғанда* муни чалғаймән... .

*-ған* тұлғалы есімшеге ұйғыр тіліндегі ұқсату септік жалғауы *-дәк* үстемеленгенде (*-ған+дәк*), ұқсату, балау, теңеу мағыналарын береді. Мысалы: ...гоя қиямәт қайим *болғандәк* бир әһвалда қалди. Таһирни сандукғә бәнд қилип Таримғә *ақитқандек*,... . ... Зуләйха ишқидин фәсанә *түзгәндек*,... . Ләйли зулфин Мәжнун көңлиғә кәмәнд *қилғандек*, ... . ...Фәрһад қанидин Ширин ләбини рәң *қилғандек*,... . ...Узрағидар оти һәрарәтидин Вамуқ жисмин әшк гирдабида ғәрқ *қилғандек*,... .

Шығыс септіктегі *-ған* тұлғалы есімшесінің *кейин, соңрә, бәлки* септеуліктерімен қатар қолданылуы да трактат тілінде жиі кездеседі. Мысалы: Бу мәликә аләмдин *кәткәндиң* соңрә султан гоя өзини өлтүрәр бир шоридә һаләтгә йетип,... . Йәтгә-сәккиз мәррә өзини тәнбүрғә *атқәндиң* кейин булбул йәргә түшүп өлүп кәтти. Шаһир, алим *болғәндиң* бәлки. Мәжзублиқлари қуввәтликрақ ирди, бәс.

Трактатта *-ған* тұлғалы есімшеге *-лиқ* және жіктік, септік жалғауларының қосылуы екі жерде кездеседі. Мысалы: ...ул муңниң сиринимә *иканлиги* аңланур,... . Нәчә яшқә *киргәнлигини* сориди,... . Бұл түрдегі есімшелерді Хәмит Төмүр пүткән һалиқ исимдаһниң *-лиқ* формасы деп қарап, есімше деп есептейді (Төмүр, 1986; Арзиев 2006, 286 б.).

Трактатта *дур* көмекші етістігінен кейін *-ған* көрсеткішті есімшенің жалғануы арқылы жасалған *-дурған* формасы төрт сөзге жалғанып, жеті жерде кездеседі. Мысалы: бу әзиз *билмәйдурған* нә улуми шәриһәт, нә улуми тәриқәт... шәтрәнж, нәрдғәчә *билмәйдурғани* йоқ иди. Бу әзиз *билмәйдурған* муқам аһәңлари, бу әзиз *чалмайдурған* әсбаби нәғәмәт йоқ

дисә болған ирди. Бу әзиз *билмайдурған* илим йоқ ирди. Муסיқиниң тәриқәт әлиғә бәхшиш *қилдурған* нәтижәлари барәсида Миҗражуссаликин намлиқ бир китап тәсниф қилип ирдилар.

-р, -ар, -әр, -ур, -үр көрсеткішті есімше формалары «Тәварих-и муסיқиунда» көп кездеседі. Бұл есімшенің Қазақстан ұйғырларының тілінде тек езулік варианттары, ал ШҰАР ұйғырларының тілінде еріндік варианттары қолданылады. Ал «Тәварих-и муסיқиунда» еріндік те, езулік те варианттары аралас қолданылған. Мұны төмендегі мысалдардан көруге болады: ...бу әзизни устазим *дер* ирдилар. Улар Һәзрәти Нәвайини сән мениң устазим *дер* ирдилар вә мениң өмрүм ичидә пүтүган он миң мисраби шеиримдин сениң икки мисраби шеириң артуқ *дер* ирдилар. Һәйван тилсизлиқдин жәфамушәққәтгә *учрар*, инсан тилидин бәла-мусибәткә *учрар* диган мәзмун ирди. Булбул сайрап ярақдин учуп келип өзини тәнбүргә *урар* ирди. ... сәһра яқларидики өйләрдә ғәрибанә *қонар* т.б.

Трактатта *қилур* (6 жерде), *қилар* (1 жерде), *болур* (5 жерде) түріндегі есімшелер қолданылуы жағынан қазіргі ұйғыр тіліндегі есімшелерден төмендегідей ерекшеленеді. Трактатта бұл есімшелерге барыс септігінің -ғә жалғауы үстемеленіп, *әйтүргә, қилургә* (Мысалы: ...яхши сөзни *әйтүргә* қудрәтиң болмаса, яхши сөзни әйтқучидин өргангил... . ...бу әмри важибат тәркин *қилургә* чарә тәфалмидим) қолданылса, қазіргі ұйғыр тілінде бұл етістіктер *ейтишиқә, қилишиқә* түрінде жұмсалады.

Трактатта іс-әрекеттің болымсыз формасы қазіргі ұйғыр тіліндегідей -ма, -мә қосымшасы арқылы беріледі. Мысалы: Султан Абдурәшидханким, мәһруф мәшһурдур, Қидирхансиз тәһам-шәраб *тартмас*, уйкуғә *бармас* әрди. Һәргиз сәвабдин үмид *тутмас* вә гунәдин *қорқмас* ирди. Бабршаһ бир нәфәс *айрилмас* ирди.

Есімшенің -маз варианты Орхон-Енисей ескерткіштерінде (Трыярский, 1971, 28-84 б.) және «Құтадғу білікте» қолданылғанмен, ескі ұйғыр тілінде кездеспейді.

**Көсемше.** Көсемшелер – негізгі қимыл-әрекетпен қатар қосымша әрекетті білдіретін етістік формасы. «Тәварих-и муסיқиунда» көсемшелер қазіргі ұйғыр тіліндегідей жекеше және көпше түрде, үш жақта түрленбейді. Олар күрделі етістіктердің бір компонентін құрап, етістіктің болымды немесе болымсыз түрінде келеді.

Көсемшелердің жақ, көпше және жекеше түрі, шаққа болған қатынасы күрделі етістіктің екінші, негізгі компоненті арқылы беріледі. Кейбір көсемше формаларының жақ, көпше және жекеше түрі, шақпен қатысы предикатив мәнді көмекші етістіктер арқылы көрінеді.

«Тәварих-и муסיқиундағы» көсемше формалары, бір жағынан, ескі ұйғыр тілі ескерткіштеріне жақын болса, екінші жағынан, қазіргі ұйғыр тіліне жақын. «Тәварих-и муסיқиунда» көсемшелер негізінен төмендегідей көрсеткіштер арқылы жасалады:

-н, -б, -ин, -ун, -үн, -иб көрсеткіштері етістік түбіріне жалғанып, көсемше жасайды. Трактатта бұл көрсеткішпен келген көсемшелер төмендегідей мәнде жұмсалады:

1. Іс-әрекеттің жүзеге асу жайын білдіреді. Бұл жерде көсемше білдірген іс-әрекет пен етістік білдірген іс-әрекет арасында уақыт қатынасы екі түрлі болады:

а) көсемшелі етістік іс-әрекеттен бұрын жүзеге асады. Мұнда көсемше әрекет мағынасын білдіретін етістіктерден тұрады. Мысалы: Жәндә-кула *кийип* йүрүр ирди. Тәнбүрни *ташлап*, *йиглап* биъуш болди. Ордаға тәклиф қилип *алип* кәтти. Ноширванниң зәманәсида йиғаяда сүрнай *ясап* чалди.

ә) көсемшелі етістік іс-әрекетпен бір уақытта жүзеге асады. Мысалы: ...ғәзәл тәмам болғанда султан *алдирап* соридики ... . Бу шеирни муқамғә *қошуп* оқуп ирдиким ... . Хәлайиқ *һозурланип* арқасиғә кирип алди. ...Тәнбүрни *челип йиглап* өлүкни көйдүрүш рәсми бар ирди.

2. Етістік іс-әрекеттің жүзеге асу себебін көрсетеді. Мысалы: ...Султан гоя өзини өлтүрәр бир шоридә һаләтгә йетип, сәвдави бир илләт арз болди. Ахир султан *йиглап*, аләмдин өтти.

3. *-п* тұлғалы көсемше кейінгі етістіктегі іс-әрекетке қарама-қарсы мәнде жұмсалады. Мысалы: ...өзәңни түзлимай *туруп*, кишигә нәсиһәт қилма, әйибиңни сәңә көрсәткан кишини дост билип әзиз тут,... .

4. *-п* тұлғалы көсемше жалғаулық қызметінде қолданылады, яғни құрмалас сөйлем құрамындағы предикативтік бірліктерді байланыстырады. Мысалы: ...һәр жайдин мәшайихлар, өлималар *келип* һәзрәти Пәйливандин истифадә *тефип* бәш-он йил қалурлар ирди. ...зинданда *қалип*, тарихниң сәккиз йүз атмиш бәши вәфат болди. ...тәнбүрләрини *челип*, өзлари әйтқан ғәзәллар билан һәмд *әйтип*, биъуш болур... . ...һиндустандин *йенип*, Мисирғә *берип* каһнлардин илми каһанәт билән үч қисим хәт өрганди. ...ушбу ғәриб фәнниң саһиби кашуфлари тарихидин бир рисалә *пүтүп*, сайр муғәнниләргә ядқар қойсаң.

5. Трактатта сондай-ақ *-п* тұлғалы көсемше формасындағы *бол-*, *дә-*, *кәл-*, *қил-* етістіктері (*болуп*, *дәп*, *келип*, *қилип*) жалғаулық қызметін де атқарады. Мысалы: ...булардин башқа илгири-кейин, көп-аз *болуп* пүткан оттуз алтә фарчә китапларидин фәқир бәһримәнд *болуп*, өзларидики хисләт вә ишқи муһәббәтларини мәълум қилдим. Трактаттағы *болуп* көсемшесі 19 жерде қолданылады.

Трактатта *дәп* көсемшесі *деп* формасында да қолданылады. Бұл көсемше негізінен жалғау ретінде жұмсалып, мақсат және себеп бағыныңқы сөйлемдерді басыңқы сөйлеммен, төл сөзді төлеу сөзбен байланыстырады. Мысалы: Бу әзизни нимә *деп* тәһриф қилипдурким, көргәйсизлар, бәс. ...сайир муғәнниләргә ядқар қойсаң *деп* әмри қилдилар. Ул айдиким хәлайиқғә нәһфи йоқ сөз вә ишни қилмиғәйсизлар, *деп* көз йумди. *Деп* көсемшесі трактатта 12 жерде қолданылады.

«Тәварих-и муסיқуиунда» *келип* көсемшесі жеті жерде, *қилип* көсемшесі отыз екі жерде қолданылады. Мысалы: Булбул сайрап ярақдин учуп *келип* өзини тәнбүргә урар ирди. Тнбүргә қой, әчкүниң үчәй, фәйләрини ешип зәй *қилип* тар салур ирди.

Кейбір ғалымдар *-п* көрсеткішті көсемшесін жалғау герундиум деп көрсетеді (Баскаков, 1960, 113-б.).

6. *-п* тұлғалы көсемшелер күрделі етістіктер құрамында бірінші компонент ретінде келіп, негізгі іс-әрекеттің басталуын, жалғасуын, қайталануын көрсетеді. Мысалы: Булбул

йәргә түшүп өлүп кәтти. ...бу шеирни мукамға кошуп оқуп ирдиким... . . . тәнбүрни челип бәргәй... . Рисаләи Муғәнниюн диган китабида әйтиб ирдики, ... .

Бұл мысалдардағы оқып ирди, өргүнүп ирдиңиз, әйтип ирдики т.б. қазіргі ұйғыр тілінде оқуведи, үгәндиңиз, ейттики тұлғасында қолданылады (Арзиев, 2006, 288-290 б.).

Сөйтіп, -н тұлғалы көсемшелер «Тәварих-и мусикиунда» көп кездеседі. Орхон-Енисей ескерткіштерінде (Насилов, 1960, 48–49 б.), «Құтадғу білікте», «Хибәт-ул хәқайиқта» (Махмудов, 1972, 160-161 б.), XIII-XIV ғасырлар жазба ескерткіштерінде және ескі ұйғыр тілінде бұл көрсеткіш жиі қолданылады.

-ай, -әй, -й тұлғалы көсемшелер мына сөйлемдерде кездеседі. Мысалы: Султан қарайдурки, бу өйниң бүрчәгидә бир тәнбүр бар ирди. ...кени әмисә мән қарап турай, шеир пүтүп беқиң,... . -а, -ә жұрнағымен өрнектелен көсемшенің еріндік варианты -у шығармада бір сөзде өз сипатын тапқан. Мысалы: ...кәләм, қәғәз кәлтүрүп бу бейитни пүтүди... . . . мениң өмрүм ичидә пүтүган он миң мисраъ шеиримдин сениң икки мисраъ шеириң артуқ дер ирдилар.

-гәч тұлғалы көсемше трактатта екі жерде кездеседі. Мысалы: ...сиз бу гәзәлни қайәрдин өргүнүп ирдиңиз, дигәч, қиз ... . . . шеир пүтүп беқиң, дигәч, қиз дүвәт, кәләм, қәғәз кәлтүрүп бу бейитни пүтүди. Кейбір ғалымдардың пікірінше, бұл көрсеткіш негізінен XIV ғасырдан бастап қолданыла бастаған (Фазылов, 1986, 151 б.).

«Тәварих-и мусикиунда» қазіргі ұйғыр тіліндегі -гичә тұлғалы көсемшенің -гүчә формасы кездеседі. Мысалы: ...чирайлиқ либас кийип йүргүчә, чирайлиқ сөз килип йүрүшни өргангил... .

ШҰАР тіл білімінде бұл көрсеткіш -гүчә түрінде қолданылады (УТИТЛ, 919 б.).

-май, -мәй тұлғалы көсемшесі арқылы іс-әрекеттің болымсыз түрі жасалады. Мысалы: ...һәр бириниң әвалатини бәян қилсақ, бу қисқа рисаләгә сизмайдур. ...бу әзиз билмәйдурған мукам аһәңлари, бу әзиз чалмайдурған әсбаби нәғәмат йоқ дисә болғай ирди. ...бу әзиз билмәйдурған нә улуми шәриһәт,... нәрдғәчә билмәйдурғини йоқ иди. Бу әзиз билмайдурған илим йоқ ирди (32-6). Бу әзизни... дост тутмайдурған киши йоқ ирди. ...сән өзүңни түзлимай туруп кишигә нәсиһәт қилма... .

Бұл көсемшенің фонетикалық варианттары -мадын, -мәдин, -майын, -мәйин формалары көне және ескі ұйғыр тілінде кең қолданылғанымен, «Тәварих-и мусикиунда» кездеспейді. Түркі тілдері дамуының көне дәуіріне тән -мадын, -мәдин варианттары жазба ескерткіштерде түрлі фонетикалық варианттарда қолданылады. Орхон-Енисей ескерткіштерінде -матын, -мәтин, -маты, -мәти (Насилов, 1960, 49-50 б.), көне ұйғыр тілі ескерткіштерінде -матын, -мәтин, -мадын, -мәдин (Абдурахманов, 1973, 51 б.), «Құтадғу білікте» -мадын, -мәдин, -мады, -мәди (Тенишев 1970, 27 б.), «Хибәт-ул хәқайиқта» -матын (Махмудов, 1972, 162 б.) түрінде қолданылады. -майын, -мәйин құрамындағы -ын, -ин түсіп қалуы нәтижесінде көсемшенің -май, -мәй қосымша варианты пайда болған. Көсемшенің -майын, -мәйин, -май, -мәй варианттары жазба ескерткіштерде XIII-XIV ғасырлардан бастап ұшырасады (Фазылов, 1986 149 б.).

-*бан*, -*бән* тұлғалы көсемше көне және ескі ұйғыр тіліндегі поэзиялық шығармалар тіліне тән. «Тәварих-и мусикиунда» мұндай көсемше мүлде кездеспейді.

XIX ғасыр жазба ескерткіші – «Тәварих-и мусикиун» трактатының тілін қазіргі ұйғыр тілімен сабақтастыра қарастырудың нәтижесінде мынадай қорытындыға келуге болады:

-Трактат тілінің етістік категориясы қазіргі ұйғыр тілімен бірдей болып келеді. «Тәварих-и мусикиунда» жиі кездесетін -*мақ* тұлғасы мен -*ур*, -*үр* көрсеткішті есімшеге -*ә* жалғауы үстемеленген форма қазіргі ұйғыр әдеби тілінде -*и* тұлғалы есім сөз формаларына ауысады.

– XIII–XIV ғасырлардағы жазба ескерткіштер тілінде -*мақ* көрсеткішті тұйық етістік көп қолданылса, «Тәварих-и мусикиун» тілінде негізінен -*и* көрсеткішті тұйық етістік жиі кездеседі. Бұл – трактат тілінде ескі ұйғыр тілі формаларының қолданыстан шығып, біртіндеп қазіргі ұйғыр тілі формаларын қолданыла бастағанын көрсетеді.

– Ескі ұйғыр жазба әдеби тіліне тән графо-фонетикалық дәстүрлер және лексика-грамматикалық, морфологиялық көне (архаикалық) формалар Мөжизидің «Тәварих-и мусикиун» ескерткіші тілінде едәуір орын алғанымен, жазушы шығармасы негізінен жалпыхалықтық тілге негізделеді. Бұл өз кезінде ұйғыр тілі XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезеңінде ескі ұйғыр жазба әдеби мұралар тілінің дәстүрінен біртіндеп қол үзіп, қазіргі ұйғыр ауызекі сөйлеу тіліне жақындауға бет алғанын көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТ

1 Абдурахмонов, 1973 – Абдурахмонов Ғ., Шукуров Ш. Узбек тилининг тарихий грамматикаси. – Тошкент, 1973. – 452 б.

2 Арзиев, 2006 – Арзиев Р.У. Уйғур тили. – Алмута: Мектеп, 2006. – 448 б.

3 Баскаков, 1960 – Баскаков Н.А. Тюркские языки. – М., 1960. – 242 с.

4 Махмудов, 1972 – Махмудов Қ. Ахмад Югнакийнинг «Хибатул хақойиқ» асари хақида. – Тошкент: Фан, 1972. – 300 б.

5 Насилов, 1960 – Насилов В.М. Язык орхоно-енисейских памятников. – М.: Восточные литературы, 1960. – 87 с.

5 СУЯ – Строй уйгурского языка. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 472 с.

6 Тенишев, 1970 – Тенишев Э.Р. Қутадғу билиг» и «Алтун яруқ» // «Советская тюркология. 1970, №1. – С.30-31.

7 Трыарский, 1971 – Трыарский Э. Рецензия на кн.: Древнетюркский словарь // Вопросы языкознания. 1971. №6. – С.75-86.

8 УТИТЛ – Һазирқи заман уйғур әдәбий тилиниң имла вә тәләппуз луғити. – Бежиң: Шинжаң хәлқ нәшрияти, 1997. – 963 б.



9 Төмүр, 1986 – Хэмит Төмүр. Һазирки заман уйғур тили. Морфология. – Үрүмчи, 1986. – 389 б.

10 Фазилов, 1986 – XIII-XIV асрлар туркий адабий едигорликлар тили. Масъул муъаррир Фазилов Е. –Тошкент: Фан, 1986. –288 б.

#### ADEBIET

Abdurahmanov, 1973 – Abdurahmanov G., Shukurov Sh. Uzbek tilining tarikhiy grammatikasi. – Toshkent, 1973. – 452 b

Arziev, 2006 – Arziev R.U. Uygur tili. – Almuta: Mektep, 2006. – 448 b.

Baskakov, 1960 – Baskakov N.A. Tyurkskie yaziki. – M., 1960. – 242 s.

Mahmudov, 1972 – Mahmudov K. Ahmad Yugnakiyning «Hibatul hakayik» asari hakida. – Toshkent: Fan, 1972. – 300 b.

Nasilov, 1960 – Nasilov V.M. Yazik orhono-eniseyskih pamyatnikov. – M.: Vostochnie literaturi, 1960. – 87 s.

SUYA – Stroy uygurskogo yazika. – Alma-Ata: Nauka, 1989. – 472 s.

Tenishev, 1970 – Tenishev E.R. «Kutadgu bilig» i «Altun yaruk» // «Sovetskaya tyurkologiya. 1970, №1. – S.30-31.

Triyarskiy, 1971 – Triyarskiy E. Retsenziya na kn.: Drevnetyurkskiy slovar // Voprosi yazikoznaniya. 1971. №6. – S.75-86.

UTITL – Һазирки заман уйғур адабий тилиning имла ва таләппуз лүгити. – Беджинг: Шиндзянг һалк наширәти, 1997. – 963 б

Tomur, 1986 – Hamit Tomur. Hazirki zaman uygyr tili. Morfologiya. – Urumchi, 1986. – 389 b.

Fazilov, 1986 – XIII-XIV asrlar turkiy adabiy yodikarliklar tili. Masul muharrir Fazilov. – Toshkent: Fan, 1986. –288 b.

#### Резюме

#### Масимова Халминям Валет кизи

#### Некоторые морфологические особенности письменного памятника «Тэварих-и мусикиун»

Язык письменных памятников стал связующим звеном между языками средневековья и современным тюркским языком. Исследование конкретных морфологических особенностей памятников имеет большое значение в определении исторической

взаимосвязи, формирования и процесса развития среднетюркского и современного тюркского языков. При сравнении языка памятника «Таварих-и мусикиун» (XIX в.) с письменным средневековым и современным уйгурским языками, включая морфологические особенности текстов памятников, выявляется преемственность между староуйгурским письменным литературным и современным уйгурским литературным языками. В статье также рассматриваются грамматические формы глагола языка памятника «Таварих-и мусикиун». При рассмотрении грамматических категорий глагола в «Таварих-и мусикиун» определяется, что, начиная со второй половины XIX века, уйгурский язык, окончательно отрываясь от литературных традиций староуйгурского языка, переходит к сближению с современным разговорным уйгурским языком.

## **Summary**

**Massimova Khalminyam**

### **Certain morphological features of the written monument «tawarikh-i mussiqiyun»**

The language of written sources has become a link between medieval Turki and modern Turkic languages. Research of certain morphological features of the written monuments is of great significance for determination of historical interactions, formation and development of medieval and modern Turkic languages. When comparing language of the «Tawarih-i musiqiyun» (XIX c.) with medieval and modern Uyghur languages, including textual morphological particularities of the monuments, one can reveal continuity between an Old Uyghur written literary language and modern Uyghur language. The article also examines grammatical forms of the «Tawarikh-i mussiqiyun»' language. Research on the grammatical forms of the verbs in «Tawarikh-i mussiqiyun» shows that starting from the second half of the XIX century, there occurs a transformation from literary traditions of Old Uyghur language to the norms of the modern Uyghur language.

Поступила 04.03.2013 г.